

Глубокое аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 26/7-VI "Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 5/4-VII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 мамырда № 8791 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 – бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 26/7-VI " Глубокое ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-9-188 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 506 – бабында белгіленген жер салығының мөлшерлемелері жер салығының базалық мөлшерлемелерінің 50 пайызына арттырылсын."

2. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Глубокое аудандық мәслихатының хатшысы

О. Калимулина

А. Калигожин